



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

• **7M04205- Халықаралық құқық**

**(ғылыми-педагогикалық бағыт)(бірлескен)**

**БІЛІМ БЕРУ  
БАҒДАРЛАМАСЫНЫ  
Ң МАҚСАТЫ**

Қазіргі заманғы пәндік, коммуникативтік, цифрлық, кәсіпкерлік құзыреттілікке, құқықтық мәдениет пен құқықтық сананың жоғары деңгейіне ие, құқықтық актілерді кәсіби қолдануға және күрделі мәселелерді шешуге қабілетті халықаралық құқық саласындағы заңгер дайындау.

**КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ  
САЛАСЫ**

Қазақстан Республикасында және шет елдерде мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау; құқықтық қатынастарды шарттық-құқықтық реттеу; ҚР сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметін құқықтық қамтамасыз ету

## ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН1 - пәнаралық контексте халықаралық құқық мәселелерін шешудің жаңа ғылыми тұжырымдамаларын қолданады; ОН2 - ҚР сыртқы саясатына және Қазақстанның шет елдермен ынтымақтастығына әсер ететін стратегиялық сыртқы және ішкі факторларды сыни бағалауға қабілетті, жаңа идеяларды түрлендіру қабілеті бар;

ОН3 - инновациялық өнімдерді жасау үшін жаңа теориялар, әдіснамалар және технологиялар контекстінде өз зерттеулерінің негізінде жаңа және бейтаныс контексте шешімдер қабылдайды.

ОН4 - өзінің кәсіби қызметіне қатысты бөлігінде еңбек және жұмыспен қамту нарығына бейімделеді (экзистенциалды құзыреттілік дағдылары жүйесіне ие – еңбек нарығын зерттеу).

ОН5 - корпоративтік менеджментті жүзеге асыра отырып топта жұмыс істейді; өзінің білімі мен ісәрекетін сыни бағалайды, оқуын жалғастыруға қабілетті.

ОН6 - шет тілдерінде кәсіби қарым-қатынас жасаудың қажетті дағдыларын меңгерген.

ОН7 - ҚР мен шет елдердің нормативтік-құқықтық актілерін және халықаралық шарттардың нормаларын талдай және түсіндіре алады;

ОН8 - ұлттық және халықаралық қайнар көздерді талдауға, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануға және қолданыстағы заңнамада еркін бағдарлануға қабілетті;

ОН9 - ҚР қолданыстағы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге қабілетті;

ОН10 - халықаралық құқық мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге қабілетті, қалыптасқан таптаурындарды сыни талдау және еңсеру дағдыларын меңгерген;

ОН11 - нақты заң қызметі түрлерінде білікті заң қорытындылары мен кеңестер беруге қабілетті;

ОН12 - академиялық адалдықтың мәнін, қағидаларын және мәдениетін түсінеді.